

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ПІКІРТЕРІМ НӘТИЖЕЛЕРИ

Саулнама жүргізу күндері: 2023 жылғы 13-19 наурыз

Респонденттердің саны: 12

(AERC, Halyk Finance, Jusan Invest, NAC Analytica, Азия Даму Банкі, AKPA, Еуразиялық экономикалық комиссия, Еуразиялық даму банкі, Экономикалық зерттеулер институты, Ренессанс Капитал, Сентрас Секьюритиз, Фридом Финанс)

Пікіртерім нәтижелері (респонденттердің болжамдарының медианалық мәні, жақша ішінде алдыңғы болжамдардың медианалық мәндері көрсетілген):

Көрсеткіш	2021 (факт)	2022	2023	2024
Brent маркалы мұнай бағасы бір баррель үшін АҚШ долл., жылына орта есеппен	99,1	83,1 (83,1)	80,0 (80,0)	80,0 (80,0)
ЖІӨ %, ж/ж	3,2	3,7 (3,7)	4,0 (4,0)	4,0 (4,0)
ТБИ %, желт. өткен жылғы желт.	20,3	12,2 (11,8)	8,8 (8,0)	7,2 (7,0)
Базалық мәлшерлеме жылдық %, жылына орта есеппен	13,9	15,7 (15,5)	11,7 (11,4)	9,0 (9,3)
Тауарлар мен қызметтер экспорты жылына млрд АҚШ долл.	92,5*	89,3 (91,6)	93,0 (93,9)	90,7 (90,7)
Тауарлар мен қызметтер импорты жылына млрд АҚШ долл.	58,7*	59,5 (60,7)	60,7 (60,7)	60,0 (62,9)
USD/KZT бағамы жылына орта есеппен	460,5	472,0 (477,8)	496,0 (500,0)	516,0 (515,0)
Бейтарап базалық мәлшерлеме	8,5			
Жылдық %**	(8,5)			
ЖІӨ-нің ұзақ мерзімді өсуі	3,9			
%, ж/ж**	(3,9)			

МҰНАЙ БАҒАСЫ. 2023 жылғы ақпандығы саулнама нәтижелерімен салыстырғанда 2023 - 2025 жылдарға арналған мұнай бағасы бойынша сценарий шарттары өзгеріссіз қалды (медианалық мәндер). Сонымен қатар, наурыз айында респонденттердің 2023 жылға арналған болжамдарының ауқымы тарылды.

ЖІӨ. Наурыз айында Қазақстан экономикасының 2023-2025 жылдарға өсуі бойынша респонденттердің күтулері өзгерілмеген (медианалық мәндер). 2025 жылға арналған болжам ауқымы ақпан айында 3,0-4,5%-дан наурыз айында 3,0-4,1% -ға дейін тарылды.

ТБИ. 2023-2025 жылдарға арналған инфляция бойынша респонденттердің болжамдарының медианалық мәні көтерілді. Осылайша, 2023 жылды респонденттер инфляцияны 12,2% (ақпан айында 11,8%), 2024 жылды – 8,8% (8,0%) және 2025 жылды – 7,2% (7,0%) деңгейінде күтуде.

* Алдын ала бағалау-ҚРҰБ бағалауы

**Ақша-кредит саясаты ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсаттар мен ЖІӨ-дегі әлеуетті деңгейде қолдайтын базалық мәлшерлеме деңгейі

***5 жыл шегінде күтілетін әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқыны

БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Респонденттер 2023 және 2024 жылдарға арналған базалық мөлшерлеме деңгейі бойынша өз болжамдарын көтерді. Сонымен бірге базалық мөлшерлеменің төмендеу динамикасы күтілуде. 2023 жылға арналған базалық базалық мөлшерлеменің жылына орта есеппен 15,7%, 2024 жылға – 11,7% деңгейінде қалыптасуда. 2025 жылды базалық мөлшерлеме орташа есеппен 9,0% деңгейінде күтіледі, және бұл ақпан айындағы сауалнамаға сәйкес респонденттердің болжамдарынан тәмен.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ. Респонденттер 2023 жылға арналған тауарлар мен қызметтер экспортының көлемі бойынша болжамдарын 91,6-дан 89,3 млрд. АҚШ долл., 2024 жылға – 93,9-дан 93,0 млрд. АҚШ. долл. төмендеткен. Сарапшылардың болжамына сәйкес, 2025 жылды экспорт көлемі қысқарып, 90,7 млрд. АҚШ.долл. құрайды.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ИМПОРТЫ. Респонденттердің 2023 жылға арналған тауарлар мен қызметтер импорттының көлемі бойынша болжамдары да төмендеу жағына қарай түзетілген. Мәселең, 2023 жылды импорт көлемі 59,5 млрд АҚШ долл. деңгейінде күтілуде (бұдан бұрын 60,7 млрд. АҚШ долл.). Ақпан айындағы сауалнама нәтижелерімен салыстырғанда респонденттердің 2024 жылға құтулера өзгеріссіз қалды. 2025 жылды респонденттердің құтуі бойынша тауарлар мен қызметтердің импорты 60,0 млрд АҚШ долл. дейін қысқарады (бұдан бұрын 62,9 млрд. АҚШ. долл.).

USD/KZT БАҒАМЫ. Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда теңгенің айырбас бағамы бойынша болжамдар жақсарды – 2023 жылды бір АҚШ доллары үшін 477,8 теңгеден 472,0 теңгеге дейін, 2024 жылды - 500,0 теңгеден 496,0 теңгеге дейін. 2025 жылға арналған медианаалық құту бір АҚШ доллары үшін 516 теңгени құрайды (бұдан бұрын бір АҚШ доллары үшін 515 теңге).

БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Ақша-кредит саясаты ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық құтулерді мақсаттар мен ЖІӨ-дегі әлеуетті деңгейде қолдайтын базалық мөлшерлеме 8,5% деңгейінде сақталады.

ЖІӨ-НІҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ӨСҮІ. Сарапшылар әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқының 5 жылдың шегінде 3,9% деңгейінде күтеді. Болжам ауқымы 3% - дан 4% -ға дейін өзгереді.

Жалпы, макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша респонденттердің болжамдарының ауқымы 1 жылдың шегінде де, орта мерзімді көрінісінде де кең болып қалыптасуда, бұл ішкі және әлемдік нарықтардағы жағдайдың даму перспективаларына қатысты нарық қатысушыларының белгісіздігінің жоғары деңгейін көрсетеді.